

Келісілген
Сәтбаев қаласының «Күншуақ»
бөбекжайы» КМҚК
әдіскері
Муздропова А.А. 



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжайы» КМҚК
Топ: Кіші «Ботақан», «Колобок»
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау. Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ән айту. Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту. Ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; пьесаның екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін өзгерту (қатты-баяу); музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып шеңбермен жүру.

Қазан		Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
Қараша		Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айту. Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылықы дыбысталуына еліктей отырып ән айту. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау
Желтоқсан		Музыка тыңдау. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын оята отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату.
Қаңтар		Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айтуды дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу
Ақпан		Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, фортепиано дыбысталуын ажырата білу. Ән айту. Әуенді интонациямен және ырғақпен дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
Наурыз		Музыка тыңдау. Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімдеп айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау.

Сәуір		Музыка тыңдау. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту. Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.
Мамыр		Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Келісілген
«Күншуақ» бөбекжайы» КМҚК
әдіскері Муздрапова А.А

«___» _____ 2023 жыл

Бекітемін
«Күншуақ» бөбекжайы» КМҚК
директоры Грехова С.Е.

«___» _____ 2023 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжайы КМҚК

Топ: Ересек «Балапан», «Улыбка»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау. Әртүрлі сипаттағы, қарқынды музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірн айту. Халықтық домбыра аспабының дауысын қабылдау. Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын жетілдіру; Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу; Хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру; Музыканың ырғағына дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен еркін және жеңіл секіру. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.

		Ойындар, хороводтар. Әуеннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту. Музыкалық аспаптарында ойнау. Әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақты бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнау, музыканың тактісімен алақандарды соғу; түрлі жанрдағы музыканы қабылдау және анықтау.
Қазан		Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету.
Қараша		Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу. Ән айту. Балаларды әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Марш сипатын ырғақты жүріспен үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.
Желтоқсан		Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.

Қаңтар		Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Асатаяқпен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.
Ақпан		Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардағы жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту. Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Би қимылдарды музыкамен сәйкестіндіре отырып, жүрелеп отыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау.
Наурыз		Музыка тыңдау. Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
Сәуір		Музыка тыңдау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Барабанмен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.
Мамыр		Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу.

		Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
--	--	--

Келісілген
«Күншуақ» бөбекжайы» КМҚК
әдіскері Муздрапова А.А

«___» _____ 2023 жыл

Бекітемін
«Күншуақ» бөбекжайы» КМҚК
директоры Грехова С.Е.

«___» _____ 2023 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжайы КМҚК

Топ: Мектепалды даярлық «Гүлдер»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Музыка	Музыка тыңдау. Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық добырада және қобызда орындалатын «күй» жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазының, қобызшы Қорқыттың шығармашылығымен таныстыру. Ән айту. Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көресете отырып әуеннің жоғарғы – төменгі қозағылысын ажырату. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Ойындар, хороводтар. Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберде айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес

		қозғалыстарды өзгерту; Дауыстардың биіктіктерін ажыратып, үлкен шеңберден кіші шеңберге қайта тұру. Билер. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарын элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыкалық аспаптарында ойнау. Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембріні ажырату. Қазақтың ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.
Қазан		Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке орындауға үйрету.
Қараша		Музыка тыңдау. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен дағдыландыру. Билер. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау. Би шығармашылығы. Мәтінге сәйкес әнді сахналау. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
Желтоқсан		Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен

		жүгіру. Билер. Би қимылдарының қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Би шығармашылығы. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Дауылпаз, асатаяқ аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Қаңтар		Музыка тыңдау. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың қимыл сипатын жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Би шығармашылығы. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Сазсырнай, тұяктас аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Ақпан		Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Ән айту. Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Би қимылдарын: қосалқа және ауыспалы қадам жасауды үйрету. Билер. Қазақтың, халықтың би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын түсіндіру. Би шығармашылығы. Мәтінге сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Қоңырау, сыбызғы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Наурыз		Музыка тыңдау. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Билер. Қазақтың халықтың би өнері халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына

		сәйкес ойдан би қимылдарын шығару. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. домбыра, металлофон аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Сәуір		Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше шығармашылықпен орындауға баулу. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтын түсіндіру. Би шығармашылығы. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Ксилофон, бубен аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Мамыр		Музыка тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Балаларға «Қаражорға» биін билету. Би шығармашылығы. Мәтінге сәйкес әнді сахналап, ойдан би қимылдарын шығару. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Барабан, маракас, румба аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.